

## **LUKOIL Club Central Asia Адалдық бағдарламасына қатысу ережелері**

Осы ереже жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында LUKOIL Club Central Asia Адалдық бағдарламасына қатысу шарттарын анықтайды.

### **1. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР**

**Науқандық сауда нүктесі** – науқандар, оның ішінде Базалық Науқандар шеңберінде Оператордың өзі де, сонымен қатар Серіктестер де Тауарларды өткізу орны;

**Науқан** – Бағдарламалар шеңберіндегі іс-шаралар кешені, Қатысушыларға, оның ішінде шектелместен Ұпайлар берілуі мүмкін, оның ішінде Оператор мен Серіктестерден Тауарларды сатып алу үшін Оператор мен Серіктестер Тауарлардың кейбір түрлеріне арнайы бағаларды белгілейді, Оператор мен Серіктестерден өнімдерді сатып алу кезінде Ұпайларды пайдалану мүмкіндігі ұсынылады, сондай-ақ Оператор мен Серіктестерден Тауарларды сатып алудың арнайы шарттарын ұсынады. Науқандар, олардың өткізу шарттары туралы ақпараттарды Оператор Интернет-өкілдігінде және Мобильді қосымшада жариялайды;

**Базалық Науқан**– Оператор Қатысушыға Бағдарламаға Қатысу деңгейін беруді қарастыратын науқан;

**Ұпай** – Қатысушының Жеңілдік алу құқығын растау. 1 Ұпай Қатысушының 1,00 теңге көлеміндегі Жеңілдікті алуына құқығын растайды. Ұпай Қатысушының Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 319 бабы, 2 тармағы, 53) тармақтарына сәйкес бұрын жасалынған сатып алулар немесе алынған жұмыстар, қызметтер үшін есептелген сома есебінен Оператордан және Серіктестерден оларды сатып алу кезінде Қатысушыға тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің құнын үнемдеуден түсетін материалдық пайдасы болып саналады.

**Виртуалды карта** – Бағдарламаға Қатысушыны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын, Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, мобильді құрылғыда көрсетілетін, Оператор электронды түрде шығарған, пластикалық картаның материалдық тасымалдаушысы немесе виртуалдандырылған аналогы жоқ карта;

**Жедел желі** – Бағдарламаға қатысты мәселелер бойынша Қатысушыларға ақпараттық-кеңес беру қызметі. Жедел желінің телефон нөмірі: +7 (727) 312-33-44.

**Интернет-өкілдігі** – [azs.lukoil.com.kz](http://azs.lukoil.com.kz) мекен-жайы бойынша «Интернет» (әрі қарай – интернет) ақпараттық – телекоммуникациялық желідегі Бағдарламаның ресми сайты.

**Растау коды** – Қатысушы үшін автоматты түрде жасалған сандық код немесе QR-коды, Қатысушы оны келесі тәсілдердің бірімен мобильді құрылғыда алады: Қатысушының Мобильді қосымшада/жеке кабинетте орындаған әрекеттерін, оның ішінде келісімге қол қоюын растау үшін Мобильді қосымшадағы СМС-хабарлама, электрондық пошта, пуш-хабарлама.

**Жеке кабинет** – Мобильді қосымшадағы Қатысушының жеке бөлімі, оған қолжетімділік Келісімге қол қойғаннан кейін ғана мүмкін болады. Жеке кабинетке кіру үшін Қатысушы телефон нөмірі мен құпия сөзді енгізуі қажет;

**Мобильді қосымша** – мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған Оператордың бағдарламалық жасақтамасы, Бағдарламаға тіркелу, Келісімге қол қою, Жеке кабинетті пайдалану, Ұпайлар, Науқандар, сондай-ақ, Бағдарлама туралы басқа да ақпараттарды білу мүмкіндіктерін қарастыратын функционал;

**Оператор** – Интернет- өкілдігінде Бағдарламаны жариялауды қоса алғанда (жария ұсыныс), Бағдарламаны жүзеге асыру, басқару, дамыту және операциялық қолдауды жүзеге асыратын «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Орталық Азия» ЖШС, В40F0F5, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Промзона аумағы, 1632 ғимараты, БСН 130140009588 – заңды тұлға;

**Құпия сөз** – Қатысушы тіркеу процесінде тиісті өріске енгізген және Қатысушыға Жеке кабинетке кіруге мүмкіндік беретін сандардың және/немесе әріптердің (таңбалардың) бірегей комбинациясы;

**Серіктес** – Бағдарламаға қосылу туралы Оператормен келісім-шарт жасасқан және Бағдарлама шеңберіндегі Базалық Науқанға және/немесе сатып алуларға немесе алынған жұмыстарға, қызметтерге белгілі бір жеңілдікті ұсынуға қатысатын заңды тұлға;

**Ұпайларды ұсыну** – Виртуалды картаны міндетті түрде көрсету арқылы Сауда нүктелерінде алып тастау тауарларының тізіміне енгізілген тауарларды қоспағанда, Қатысушының Тауарларды сатып алуына байланысты операция нәтижесінде Қатысушы Шотындағы Ұпайлар саны артады. Қатысушы Шотындағы Ұпай санының ұлғаюы басқа жағдайларда, соның ішінде Бағдарлама шарттарына және өткізіліп жатқан Науқандарға сәйкес Науқандар өткізу кезеңінде орын алуы мүмкін;

**Бағдарлама** – Бағдарлама шеңберінде Қатысушы, Оператор және Серіктестер арасында туындайтын өзара қарым-қатынастар жиынтығын ұсынатын LUKOIL Club Central Asia Адалдық Бағдарламасы;

**Есеп айырысу кезеңі** – ұзақтығы Базалық Науқанның шарттарымен белгіленетін кезең;

**Бағдарлама Жүйесі** – Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету үшін Оператор мен Серіктестер пайдаланатын бағдарламалық кешен, онда нақты уақыт режимінде ұсынылған/есептен шығарылған қатысушы Ұпайлары туралы ақпаратты, Виртуалды картаны шығару және Қатысушылардың басқа операциялары көрсетіледі;

**Жеңілдік** – тұтынушы сұранысын ынталандыру мақсатында Серіктестің Қатысушы үшін Серіктес Тауарының сату бағасын төмендетуі. Жеңілдік Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 319 бабы, 2 тармағы, 53) тармақтарына сәйкес бұрын жасалған сатып алулар немесе алынған жұмыстар, қызметтер үшін есептелген сома есебінен оларды Оператордан және Серіктестерден сатып алу кезінде Қатысушыға тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құнын үнемдеуден түсетін материалдық пайда болып саналады;

**Келісім** – жеке тұлғаның Бағдарламаға қатысуға және оның дербес деректерін өңдеуге келісімі;

**Ұпайларды есептен шығару** – Серіктестің Сауда нүктелерінде немесе Жеке кабинетте Қатысушыға Жеңілдік беруіне байланысты операция, нәтижесінде Қатысушының шотындағы Ұпай саны азаяды. Серіктестердің Сауда нүктелерінде Ұпайларды есептен шығару Бағдарлама шарттарына және ағымдағы Науқандарға сәйкес Виртуалды картаны міндетті түрде ұсынған кезде орындалады;

**Шот** – Қатысушыға берілген Ұпайлар туралы ақпараттарды сақтау үшін Бағдарлама Жүйесінде Оператор ашқан виртуалды қаржылық емес шот;

**Тауар** – Бағдарлама және Науқандар шеңберінде Оператор мен Серіктес Сауда нүктелерінде сататын тауар (жұмыс, қызмет).

**Сауда нүктелері** – Бағдарлама шеңберінде Оператор мен Серіктестің Тауарларды сату орны. Сауда нүктелерінің ағымдағы тізімі олардың орналасқан жерін көрсете отырып, Интернет-өкілдігінде орналастырылады. Сауда нүктелерінің тізімі Қатысушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін;

**Бағдарламаға қатысу деңгейі** – Қатысушының есеп айырысу кезеңіндегі Бағдарламаға қатысу белсенділігінің мәртебесі;

**Қатысушы** – 18 жасқа толған және Келісімге қол қою арқылы Бағдарламаны (жария ұсынысты) қабылдаған жеке тұлға;

**Жабдықтар түбіртегі** – Тауарды сатып алу кезінде Қатысушыға, оның ішінде Қатысушы Жеке кабинетте көрсеткен электрондық поштаға жіберу арқылы электрондық нысанда берілген Оператор мен Серіктестің бақылау-кассалық жабдығының кассалық түбіртегі.

## **2. БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

2.1. Бағдарламаға тіркелу кезінде 18 жасқа толған және Бағдарламаны пайдалану кезеңінде Оператордың жария ұсынысы арқылы Бағдарламаға қосылған кез келген қабілетті жеке тұлға Бағдарламаға Қатысушы бола алады.

2.2. Бағдарламаға қатысу үшін Виртуалды картаны алып, Бағдарламаға тіркеліп және Келісімге қол қою қажет.

2.2.1. Виртуалды карта мобильді құрылғыда көрсетіледі.

2.2.2. Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы Бағдарламаны пайдалану кезеңінің кез келген уақытында тіркеліп және Келісімге қол қоюға болады. Бағдарламаға тіркелу және Келісімге қол қою Қатысушының Бағдарламаның барлық ережелерімен танысуын және келісімін растау болып саналады. Келісім растау кодын енгізгеннен кейін немесе Оператордан келесі тәсілдердің бірімен алынған бірегей сілтемеге өткеннен кейін қол қойылған болып саналады: Бағдарламаға тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына, ұялы телефон нөміріне СМС - хабарлама. Бағдарлама (Оператордың жария ұсынысы) Келісімге қол қойылған сәттен бастап қабылданған болып саналады.

## **3. ИНТЕРНЕТ-ӨКІЛДІКТЕРІН ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ПАЙДАЛАНУ**

3.1. Интернет-өкілдікте және мобильді қосымшада Оператор Бағдарлама (оның өзгерістері) туралы толық ақпаратты, соның ішінде Серіктестер, Сауда нүктелері тізімін, Науқандар, Базалық Науқандар туралы ақпараттарды, Ұпайларды ұсыну шарттарын, сондай-ақ Жеке кабинетке қолжетімділікті орналастырады.

3.2. Жеке кабинет Қатысушыға ұсынылған және есептен шығарылған Ұпайлар туралы, Бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылған Тауарларды сатып алу туралы ақпараттарды, Оператордан Бағдарлама туралы ақпараттық хабарламаларды, сондай-ақ Бағдарлама аясындағы басқа да ақпараттарды алуға мүмкіндік береді. Қатысушы тіркелген сәттен бастап Жеке кабинетті пайдалануға құқылы.

Тіркеу кезінде Оператор Қатысушының Бағдарламаға тіркелу кезінде көрсеткен ұялы телефон нөміріне СМС - хабарламамен бір реттік кодты жіберу арқылы Қатысушының

көрсеткен ұялы телефон нөмірінің бірегейлігі мен дұрыстығын тексереді. Қатысушы Жеке кабинетте Оператор жариялаған ережелерге сәйкес Құпия сөзді өзгертуге құқылы. Қатысушы Құпия сөздің сақталуына және оның үшінші тұлғаларға жарияланбауына жауап береді. Оператор Құпия сөздің үшінші тұлғаларға сақталуына жауапкершілік алмайды.

#### **4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**

4.1. Келісімді толтыру кезінде жеке тұлға келесі дербес деректерді көрсетеді: тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, жынысы, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы. Келісімді толтыру кезінде Қатысушы көрсеткен дербес деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік Қатысушыға жүктеледі.

4.2. Келісімді толтыру кезінде көрсетілген дербес деректер өзгерген жағдайда Қатысушы өзгертілгеннен күннен бастап, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде келесі әрекеттерді орындауға міндетті: –ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекен-жайы өзгергенде Жеке кабинеттегі дербес деректерге сәйкес өзі өзгертеді; – тегі/аты/әкесінің аты/туған күні/жынысын өзгерткен кезде тиісті дербес деректерді өзгерту туралы Жеке кабинет арқылы Операторға өтініш жібереді. Тегін/атын/әкесінің атын/туылған күнін/жынысын өзгерту туралы өтінішті Қатысушы ерікті нысанда толтырады және Қатысушы Келісімді толтыру кезінде көрсеткен мәліметтерді қамтуы қажет: тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, жынысы, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы, Карта нөмірі. Қатысушының тегін/атын/әкесінің атын/туылған күнін/жынысын өзгертуді Қатысушыдан тиісті өтінішті алғаннан кейін Оператор енгізеді, және оны Қатысушы өз бетінше жасай алмайды. Келісімде көрсетілген Қатысушының дербес деректеріндегі өзгерістер туралы Операторды хабардар етпеу немесе уақытында хабардар етпеумен байланысты келеңсіз жағдайлар толығымен Қатысушыға жүктеледі. Оператор Қатысушының Келісімде көрсетілген Қатысушының дербес деректерінің өзгерістері туралы Операторды хабардар етпеуінен немесе уақытында хабардар етпеуінен туындаған Ережелер/Бағдарлама/Науқандарда көрсетілген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды. Оператор Қатысушының дербес деректерін уақытында өзгертпегені үшін жауапкершілік алмайды (ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекен-жайы).

4.3. Жеке тұлға Келісімге қол қою арқылы Бағдарламаға қатысу мақсатында, соның ішінде статистикалық деректерді және Бағдарламаға қатысу туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және алу мақсатында ерікті түрде және өз мүддесі үшін еркін әрекет етеді, сондай-ақ Бағдарлама туралы, соның ішінде Серіктестер, Тауарлар, Сауда нүктелері және ағымдағы Науқандар туралы ақпараттарды/жарнаманы алу мақсатында Бағдарламаны пайдалану мерзімі ішінде Оператор мен Серіктестер белгілейді, олардың дербес деректерін өңдеуге Келісімін береді, сондай-ақ Қатысушының Бағдарламаға қатысуы нәтижесінде алынған деректер, атап айтқанда: Қатысушы Бағдарлама шеңберінде жүзеге асырған сатып алулар туралы деректер, Бағдарламаға қатысты кез келген әрекеттер (операциялар)/әрекеттер (операциялар) жиынтығы. Бағдарлама шеңберінде дербес деректерді өңдеу, оның ішінде кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, Қатысушымен тікелей байланысу арқылы, оның ішінде СМС - хабарлама, электрондық поштаға хат, мобильді қосымшадағы пуш-хабарлама немесе автоматтандыру құрылғысын пайдалану немесе бұндай құрылғыларды пайдаланбай жасалған басқа байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады, және келесі әрекеттерді қамтиды: жинау, есепке алу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (қамтамасыз ету, қолжетімді ету), соның ішінде Қатысушының дербес деректерін Операторға және Серіктестерге трансшекаралық беру, жоғарыдағы аталған мақсаттар үшін қажетті дербес деректерді иеліктен шығару, жою. Келісімге қол қою арқылы жеке тұлға Бағдарлама, Тауарлар, Серіктестер туралы ақпараттарды/жарнаманы әр түрлі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кез келген байланыс арналары арқылы, оның ішінде СМС – хабарламалар, электрондық поштаға хат, Мобильді қосымшадағы пуш-хабарламалар, ұялы телефон нөмірі, Жеке кабинет арқылы, интернет арқылы жылдам хабарлама алмасу жүйесі

көмегімен және т.б. арқылы өзінің келісiмiн растайды. Жеке кабинетте және Мобильдi қосымшада ақпараттар/жарнамалар алудан бас тартуға болады. Қатысушыдан бас тарту алынған жағдайда Оператор 2 (екi) жұмыс күнiнен кешiктiрмей Қатысушының мекен-жайына тиiстi ақпараттарды/жарнамаларды жiберудi тоқтатуға мiндеттi. Қатысушы дербес деректердi өндеуге келiсiмiн Операторға kz-hotline@lukoil.com электрондық поштасына дербес деректердi өндеуге келiсiмдi Керi қайтарып алу туралы тиiстi жазбаша өтiнiштi (бұдан әрi – Керi қайтарып алу) жiберу арқылы керi қайтарып ала алады. Керi қайтарып алуға Қатысушы тегiн, атын, әкесiнiң атын, туылған күнiн, жынысын, ұялы телефон нөмiрiн, электрондық пошта мекен-жайын, Виртуалды карта нөмiрiн көрсетуi қажет. Қатысушыдан Керi қайтарып алу түскен жағдайда Оператор 2 (екi) жұмыс күнiнен кешiктiрмей Қатысушының дербес деректерiн өндеудi тоқтатуға мiндеттi. Керi қайтарып алу Оператор Керi қайтару негiзiнде Қатысушының дербес деректерiн өндеудi тоқтатқан сәттен бастап Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтатуға әкеледi. Қатысушы Бағдарламаға қатысуын тоқтату кезiнде пайдаланбаған Ұпайлардың күшi жойылады.

4.4. Өзi туралы жалған (нақты емес, сенiмсiз) ақпаратты ұсынған жағдайда, сондай-ақ ескiрген ақпаратты уақытылы өзгертпеген жағдайда Қатысушы қалпына келтiру мүмкiндiгiнсiз барлық жинақталған Ұпайларды жоғалтуды қоса алғанда, кез келген келеңсiз жағдайлардың тәуекелiн өзi көтередi.

## **5. БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙИ**

5.1. Қатысушыларға Оператор Бағдарламаға қатысу деңгейiн бередi.

5.2. Бағдарламаға қатысу деңгейiне байланысты Қатысушыға Ұпайлар беру және Жеңiлдіктер алу үшін әр түрлі шарттар тағайындалады.

5.3. Бағдарламаға қатысу деңгейiн және Есеп айырысу мерзiмiн тағайындау/өзгерту шарттарын Оператор Базалық Науқанда көрсетедi..

## **6. ҰПАЙЛАР БЕРУ ТӘРТІБІ**

6.1. Ұпайлар Қатысушыға Сауда нүктелерiнде, Науқандық сауда нүктелерiнде Тауарларды сатып алу немесе ағымдағы Науқандар/Базалық науқан шарттарына сәйкес басқа әрекеттер үшін берiледi. Қатысушыларға Ұпайлар туралы ақпарат Тауарды немесе басқа әрекеттердi сатып алған сәттен бастап, Оператормен 14 жұмыс күнi iшiнде Шотта шығарылады.

6.2. Ұпайларды алу үшін Қатысушы Тауарға төлем жасар алдында Виртуалды картаны көрсетуi қажет. Қатысушы Тауарға төлем жасар алдында Виртуалды картаны көрсетпесе Ұпайлар берiлмейдi.

6.3. Оператор Ұпайларды дұрыс бермеу жағдайлары анықталса, оның ішінде Ұпайларды ұсыну Науқан/Базалық науқан шарттарына сәйкес келмеген жағдайда Шотты түзетуге құқылы.

6.4. Қатысушы Жеке кабинетті пайдалана отырып, немесе Жедел желіге хабарласу арқылы Ұпайларды берудің дұрыстығын тексеруге құқылы.

6.5. Ұсынылған Ұпайлар туралы ақпараттарды жазудың дұрыстығына байланысты сұрақтар туындаған жағдайда Қатысушы Тауарды немесе басқа әрекеттерді сатып алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Жедел желі арқылы Операторға тиісті шағымды тегін, атын, әкесінің атын, туылған күнін, Карта нөмірін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекен-жайын және қоса берілген Жабдық түбіртегін көрсете отырып, жібере алады. Оператор тиісті шағымды қарайды және көрсетілген талапты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қатысушыға келесі тәсілдердің бірімен жауап береді: Жеке кабинетте Қатысушы өтініш берген кезде көрсеткен электрондық поштаға хабарлама жіберу арқылы, Қатысушы өтініш берген кезде көрсеткен ұялы телефон нөміріне кері қоңырау шалу арқылы.

6.6. Ұпайдың әрекет ету мерзімі ол берілген сәттен бастап 12 (он екі) айды құрайды. Оператор Қатысушыға алдын ала ескертусіз, олардың жарамдылық мерзімі ішінде Қатысушы пайдаланбаған Ұпайларды жояды.

6.7. Шығарылған тауарлар тізіміне енгізілген Тауарларға төлем жасау кезінде Ұпайлар берілмейді. Шығарылған Тауарлардың тізімін Оператор Интернет-өкілдікте орналастырады.

6.8. Ұпайлардың табиғи көрінісі жоқ және Қатысушыға оларды қолма қол ақшамен алуға құқық бермейді.

6.9. Қатысушы мобильді құрылғыны өзгерткенде Ұпайлар Ұпайлардың әрекет ету мерзімін ескере отырып сақталады. Ұпайларды аудару үшін Жедел желіге хабарласу арқылы Операторды хабардар ету қажет.

## **7. НАУҚАНДАР**

7.1. Бағдарлама шеңберінде Оператор мен Серіктес Науқандарды өткізуге құқылы, оның барысында Қатысушыларға шектелмей ұпайлар берілуі мүмкін, оның ішінде Серіктестерден Тауарларды сатып алу үшін, Тауарлардың жекелеген түрлеріне арнайы Бағаларды Серіктестер белгілейді, Серіктестерден Тауарларды сатып алу кезінде Ұпайларды пайдалану мүмкіндігі, сондай-ақ Серіктестердің Тауарларды сатып алуының арнайы шарттары қарастырылған.

7.2. Оператор Бағдарламаны пайдалану мерзімінде Базалық Науқандарды өткізуге міндетті. Базалық Науқанның шарттарын Оператор Интернет-өкілдікте және Мобильді қосымшада Базалық Науқан басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей орналастырады.

7.3. Науқандар, оларды өткізу шарттары және оларды пайдалану мерзімдері туралы ақпаратты Оператор Интернет-өкілдікте және Мобильді қосымшада Науқан басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей орналастырады.

7.4. Қатысушының мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Бағдарламаға қатысудың барынша қолайлы жағдайларын алу және Науқандар туралы Қатысушыны уақытылы ақпараттандыруға Оператордың құқығы бар, оның ішінде әр түрлі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кез келген байланыс арналары арқылы, соның ішінде СМС – хабарламалар, электрондық пошта мекен-жайына хаттар, Мобильді қосымшадағы пуш-хабарламалар, ұялы телефон нөмірі бойынша, Жеке кабинет арқылы, интернет арқылы

жедел хабар алмасу жүйесін пайдалану және т.б. (бұдан әрі - хабарлама).

Егер Оператор Қатысушыға Науқандар туралы Хабарлама жіберсе, мұндай Хабарлама Қатысушыға арналған ақпараттық және Интернет-өкілдігі мен Мобильді қосымшаға сілтеме болып саналады. Оператордың Қатысушыға жіберген Науқан туралы Хабарламасы «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508-ІІ Заңының мағынасы мен түсінігі бойынша жарнама болып саналмайды, оны Оператор Қатысушыға хабардар ету міндетін орындау мақсатында жібереді және оған қызығушылық тудыру немесе қолдау, немесе нарықта оны алға жылжыту мақсатында қандай да бір нысанға назар аудартуға бағытталмаған. Науқанның толық шарттарын Оператор Интернет-өкілдікте және Мобильді қосымшада орналастырады. Науқан туралы Хабарламаны алған кезде Қатысушы Оператор Интернет-өкілдікте және Мобильді қосымшада жариялаған Науқанның толық шарттарымен өз бетінше танысуға міндетті. Қатысушының Науқанға қатысуы Қатысушының Оператордың Интернет-өкілдікте және Мобильді қосымшада жариялаған Науқанның толық шарттарымен танысқанын білдіреді, бұл Науқанның осы шарттары Қатысушыға түсінікті және Қатысушы оларды орындауға келісімін берді дегенді білдіреді. Егер Науқанның өткізілу шарттары Қатысушыға түсініксіз болса, Қатысушы тиісті түсініктеме алу үшін Жедел желіге хабарласуға құқылы. Оператор Қатысушылардың белгілі бір санаты үшін Оператор белгілейтін және ол туралы ақпарат Интернет-өкілдікте орналастырылған Науқандарды өткізуге құқылы. Белгілі бір санаттағы Қатысушылар үшін Науқанның шарттары әр түрлі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кез келген байланыс арналары арқылы, соның ішінде СМС – хабарламалар, электрондық пошта мекен-жайына хаттар, Мобильді қосымшадағы пуш-хабарламалар, ұялы телефон нөмірі, Жеке кабинет арқылы, интернет арқылы жылдам хабар алмасу жүйесін пайдалану және т.б. арқылы хабарланады.

7.5. Бағдарлама шеңберінде Науқандарды өткізу кезінде Оператор Қатысушыларға Ұпайлар беруге құқылы. Бұл ретте пайдалану мерзімі, Ұпайларды беру және Есептен шығару тәртібі тиісті Науқанның шарттарымен айқындалады.

## **8. ЖЕҢІЛДІКТЕР АЛУ ТӘРТІБІ**

8.1. Жеңілдіктер алуға тек Қатысушы ғана құқылы. Серіктестің тауарына Жеңілдікті Серіктес Қатысушыға қамтамасыз етеді. Жеңілдік алу үшін Қатысушы Тауарға төлем жасамас бұрын Серіктеске Жеңілдікті алғысы келетінін хабарлап, Виртуалды картаны ұсынуы қажет. Жеңілдіктің мөлшерін Серіктес тиісті ішкі акт шығару арқылы өзі бетімен анықтайды.

8.2. Тауарға Жеңілдік Тауар құнының 100% -ы болуы мүмкін емес. Тауарды Жеңілдікпен сатып алған кезде Қатысушы Тауардың әрбір бірлігі бағасының кемінде 1,00 (Бір) теңгесін төлеуге міндетті.

8.3. Қатысушыға Жеңілдік берген кезде Оператор Қатысушыға берілген Жеңілдіктің әрбір толық теңгесі үшін 1 Ұпай мөлшерінде Қатысушының Шотынан Ұпайларды есептен шығарады. Ең қысқа жарамдылық мерзімі бар Ұпай бірінші кезекте шегеріледі.

8.4. Жеңілдік пен қолма қол ақшаны пайдаланып, Тауарды сатып алғанда Ұпайлар Науқан/Базалық Науқан шарттарына сәйкес беріледі.

8.5. Жеңілдік шығарылатын тауарлардың тізіміне енгізілген Тауарларға берілмейді. Шығарылатын тауарлардың тізімі Интернет-өкілдікте орналастырылады.

## **9. ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ КЕЗІНДЕ БЕРІЛГЕН ҰПАЙЛАРДЫҢ ЖАЗБАСЫН РЕТТЕУ**

9.1. Қатысушы Бағдарлама шеңберінде, оның ішінде Науқандар шеңберінде сатып алған Тауарды қайтаруы Оператор және/немесе Серіктес белгілеген ережелерге сәйкес Виртуалды картаны Қатысушы ұсынған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған шарттар негізінде жасалады.

9.2. Бағдарлама шеңберінде, оның ішінде Науқандар шеңберінде Қатысушы сатып алған Тауарды қайтарған жағдайда, Оператор Қатысушы осы Тауарды сатып алған кезде Қатысушыға берілген Ұпайлар саны туралы ақпаратты есептен шығарады.

9.3. Қатысушы Жеңілдікпен сатып алған Тауарды қайтарған жағдайда Қатысушыға Тауарға Жеңілдік берілген кезде есептен шығарылған Ұпайлар санына сәйкес келетін мөлшерде Ұпайлар қайтарылады.

## **10. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙДАЛАНУ МЕРЗІМІ**

10.1. Бағдарлама 2025 жылдың 31 жетоксанында Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минут 59 секундқа дейін пайдалануға жарамды. Бағдарламаны пайдалану Оператор бір жақты тәртіппен Қатысушыларды Бағдарламаны пайдаланудың тоқтатылатын күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын кез келген қолжетімді тәсілмен хабардар ету арқылы тоқтата алады. Бағдарламаны пайдалану тоқтатылған жағдайда, Оператор Қатысушыларға Бағдарламаны пайдаланудың тоқтатылуы сәтінде Шоттарда орналасқан Ұпайлар қалдығы үшін өтемақы төлемейді. Қатысушылар Оператордан Ұпайларды өтеуге, соның ішінде ақшалай нысанда талап етуге құқылы емес.

10.2. Қатысушы Бағдарламаны пайдалану тоқтатылған күнге дейін Сауда нүктелерінде Жеңілдіктер алуға құқылы.

10.3. Қатысушы пайдаланбаған Ұпайлар Бағдарламаны пайдалану тоқтатылған күннен бастап жойылады.

## **11. БАСҚА ШАРТТАР**

11.1. Виртуалды карта дербес болып саналады. Виртуалды карта Қатысушыға беріледі және Оператордың меншігі болып табылады. Виртуалды картаны тек Бағдарламаға тіркелген Қатысушы ғана пайдалануға және өз мүддесі үшін пайдалануға құқылы.

11.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда Тауарларға төлем жасау кезінде Жабдық түбіртегі Қатысушы Жеке кабинетте көрсеткен электрондық пошта мекен-жайына жіберіледі.



11.3. Оператор Бағдарламаның және/немесе Науқанның шеңберінде Серіктестен Қатысушы сатып алған Тауардың сапасына жауапты емес. Бағдарламаның және/немесе Науқанның шеңберінде Қатысушы Серіктестен сатып алған Тауардың сапасына жауапкершілік Серіктеске немесе Тауарды өндірушіге жүктеледі.

Бағдарламаның және/немесе Науқанның шеңберінде Оператордың Сауда нүктелеріндегі Қатысушы сатып алған Тауардың сапасы үшін жауапкершілік Операторға немесе Тауарды өндірушіге жүктеледі.

11.4. Сауда нүктелерінде Тауарларды сатуды Оператор мен Серіктес Сауда нүктелерінің жұмыс кестесін және Сауда нүктелерінің жұмысындағы технологиялық үзілістерді ескере отырып жүзеге асырады. Алдын алу жұмыстарын жүргізу/техникалық үзілістер, байланыс арналарының істен шығуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі, электр қуатының үзілуі және басқа да жабдық пен бағдарламалық жасақтаманың техникалық және/немесе технологиялық істен шығуы кезінде Ұпайларды және/немесе Жеңілдіктерді беру жүзеге асырылмайды. Бұндай жағдайларда Ұпайларды және/немесе Жеңілдікті алу үшін Қатысушы тиісті жағдайлардың аяқталуын күтуі қажет.

11.5. Қатысушы кез келген уақытта, кез келген негізде Операторды жазбаша түрде хабардар ете отырып, Бағдарламаға қатысуды тоқтатуға құқылы. Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтату туралы хабарламасы Операторға [kz-hotline@lukoil.com](mailto:kz-hotline@lukoil.com) электрондық поштасы арқылы жазбаша өтініш жіберу арқылы беріледі және Қатысушы оны ерікті түрде рәсімдейді. Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтату туралы хабарламасында оның тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, жынысы, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы, Виртуалды карта нөмірі болуы қажет. Қатысушы Бағдарламадан шыққан жағдайда Жеңілдік алу құқығынан айырылады. Қатысушы пайдаланбаған Ұпайлар Бағдарламаға қатысу тоқтатылған күннен бастап жойылады. Бұл жағдайда Қатысушының Оператордан күші жойылған Ұпайлар үшін, оның ішінде ақшалай нысанда өтемақы талап етуге құқығы жоқ. Бағдарламаға қатысуды тоқтату күні Оператор Қатысушыдан Бағдарламаға қатысуды тоқтату туралы хабарламаны алған күннен кейінгі келесі жұмыс күні болып саналады.

11.6. Оператор Құпия сөзді дұрыс енгізу кезінде орын алған үшінші тұлғалардың кез келген (оның ішінде рұқсат етілмеген) әрекеттері үшін жауапты емес.

11.7. Қатысушылардың дербес деректерін рұқсатсыз кіруден қорғау мақсатында Оператор Қатысушыларды авторизациялау рәсіміне өзгерістер енгізе алады. Бұндай өзгерістер туралы ақпарат осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей Интернет-өкілдігінде жарияланады. Қатысушы авторизациялау рәсімінің өзгеруімен келіспеген жағдайда Қатысушы 12.5 Ережесінде қарастырылған тиісті хабарламаны Операторға жіберу арқылы тиісті өзгерістер күшіне енген күнге дейін Бағдарламаға қатысуды тоқтатуы қажет. Тиісті өзгерістер күшіне енгеннен кейін Қатысушының Бағдарламаға одан әрі қатысуы Қатысушының мұндай өзгерістерге келіскенін білдіреді.

11.8. Оператор үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен (атап айтқанда, рұқсат етілмеген/заңсыз қол жетімділік) салдарынан Интернет-өкілдігінің және/немесе Мобильді қосымшаның жұмысындағы кез келген ақауларға және олардың жұмысының тоқтатылуына, сондай-ақ операторлар мен байланыс мекемелерінің жұмысындағы ақауларға жауапкершілік алмайды.

11.9. Егер Оператордың міндеттемелерін орындау мерзімі 2 (екі) күнтізбелік күннен асатын, жұмыс жасамайтын мереке немесе демалыс күндерін қамтыса, қатарынан Оператордың өз міндеттемелерін орындау мерзімі демалыс/жұмыс істемейтін мереке күндерінің санына ауыстырылады.

11.10. Қатысушы мен Оператор арасындағы Бағдарламаға қатысуға байланысты туындайтын және/немесе пайда болатын дауларды реттеу талап қою (сотқа дейінгі) рәсімін міндетті түрде сақтай отырып жүзеге асырылады. Талапты қабылдап алған тарап басқа тарапқа тиісті талапты алған сәттен бастап, күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жауап беруге міндетті. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, атап айтқанда: талап қоюды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту, талапқа белгіленген мерзімде жауап бермеу, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

11.11. Қатысушы мен Оператор Бағдарламада қарастырылған міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

11.12. Оператор кез келген уақытта, бір жақты тәртіппен Бағдарламаға қатысуды тоқтатуға/тоқтата тұруға/Виртуалды картаны блоктауға және келесі жағдайларда ескертусіз кез келген Қатысушының Ұпайларын Есептен шығаруға/жоюға құқылы:

- егер Қатысушы Ереженің/Бағдарламаның шарттарын сақтамаған жағдайда;
- егер Қатысушы сенімсіз, жеткіліксіз/дұрыс емес (Қатысушыны сәйкестендіруге мүмкіндік бермей) мәліметті және/немесе ақпаратты ұсынса;
- егер фактілер Қатысушының сатып алулары іскерлік мақсаттар үшін жасалғанына куәлік берген жағдайда;
- үшінші тұлғалар Картаны рұқсатсыз пайдаланған жағдайда;
- егер Оператор алаяқтық операция белгілерінің болуын анықтағанға дейін, Оператор Бағдарлама жүйесінен алынған ақпаратқа сәйкес Қатысушының әдеттегі мінез-құлқынан елеулі ауытқуды анықтаса;
- Картаны пайдалану арқылы Бағдарламаға қатысуға және Қатысушының Серіктестерден Ұпайларды/Жеңілдіктерді заңсыз алуына байланысты алаяқтық операциялар, атап айтқанда, Тауарларды нақты сатып алмай-ақ Ұпайларды жинақтауға бағытталған әрекеттер жүзеге асырылады, сондай-ақ Ережелерде/Бағдарламада қарастырылған басқа тәсілдермен Бағдарламаның басқа Қатысушыларына Ұпайларды/Жеңілдіктерді сату, аудару (тапсыру) бойынша әрекеттер деп есептеуге жеткілікті негіздер бар.

## **БАЗАЛЫҚ НАУҚАНДАР ШАРТТАРЫ**

Егер басқаша көрсетілмесе, Базалық Науқанның осы шарттары LUKOIL Club Central Asia Адалдық Бағдарламасына қатысу Ережелерінде көрсетілген терминдер мен анықтамаларды пайдаланады.

Базалық Науқандарды өткізу кезеңі – 01.01.2025 бастап 31.12.2025 жылға дейін.

Кез келген Бағдарламаға Қатысушының Базалық Науқанға қатысуға құқығы бар.

Базалық Науқан Сауда нүктелерінде, Оператор мен Серіктестің Науқандық сауда нүктелерінде жүргізіледі.

Оператор мен Серіктестің Науқандық сауда нүктелері, Науқанды ұйымдастырушы туралы ақпарат және оның ережелері Бағдарламаның Интернет-өкілдігінде және Мобильді қосымшада орналастырылған. Науқандық сауда нүктелерінің тізімі Бағдарламаға қатысушыларға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Базалық Науқан бес деңгейді қарастырады:

- Bronze
- Silver
- Gold
- Platinum
- VIP

Деңгей Қатысушының Есеп айырысу кезеңіндегі Бағдарламаға қатысу белсенділігіне байланысты тағайындалады.

#### **Есеп айырысу кезеңі үш айға тең.**

Қатысушының бірінші Есеп айырысу кезеңі Бағдарлама шеңберінде Тауарды бірінші сатып алған күннен басталады және Қатысушыға Bronze деңгейі беріледі.

Келесі Деңгей Қатысушыға Қатысушының Есеп айырысу кезеңі ішінде Деңгей шарттарын орындауына байланысты беріледі. Егер Қатысушы Базалық Науқан шеңберінде сатып алған Тауарды қайтарған жағдайда, тиісті Деңгейдің шарттары орындалмаса, Қатысушыға Тауарды қайтару сомасын есепке ала отырып, тиісті шарттарға сәйкес келетін Деңгей тағайындалады.

Қатысушының екінші және одан кейінгі Есеп айырысу кезеңдеріне қатысуы алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңында қол жеткізілген Деңгейден басталады. Бұл ретте, Қатысушы әр түрлі Есеп айырысу кезеңдерінде Сауда нүктелерінде және/немесе Науқандық сауда нүктелерінде сатып алынған Тауарлардың құны қосылмайды. Қатысушы бір Есеп айырысу шеңберінде сатып алған Тауарлардың жалпы құны тиісті Есеп айырысу кезеңінің соңына дейін ғана сақталады.

Жанармай сатып алу есептегіші – Базалық Науқан шеңберіндегі Деңгейлерге жету шарттарын көрсетеді. Жанармай сатып алу есептегіші – Жеке кабинетте орналасқан, Қатысушының бір Есеп айырысу кезеңінде жанармай тарату бағаналары арқылы жүзеге асырылған Тауарларды сатып алуға жұмсаған теңгедегі жалпы соманы көрсететін ақпараттық терезе. Сондай-ақ, Жанармай сатып алу есептегіші жанармай тарату бағаналары арқылы сатылатын Тауарларды сатып алу бөлігінде Деңгейді сақтау және/немесе келесі деңгейге жету шарттарын орындау үшін ағымдағы Есеп айырысу кезеңінде Қатысушы жұмсауы қажет жалпы соманы теңгемен көрсетеді.

Тауарларды сатып алу есептегіші – Базалық Науқан шеңберіндегі Деңгейлерге жету шарттарын көрсетеді. Тауарларды сатып алу есептегіші – бір Есеп айырысу кезеңінде жанармай тарату бағаналары арқылы сатылған Тауарларды және шығарылған Тауарларды қоспағанда, Қатысушының Тауарды сатып алуға жұмсаған теңгедегі жалпы сомасын көрсететін Жеке кабинетте орналасқан ақпараттық терезе. Сондай-ақ Тауарды сатып алу есептегіші жанармай тарату бағаналары арқылы шығарылған Тауарларды қоспағанда, Тауарларды сатып алу бөлігінде Деңгейді сақтау және/немесе келесі Деңгейге жету шартын орындау үшін Қатысушы ағымдағы Есеп айырысу кезеңінде жұмсауы қажет теңгедегі

жалпы соманы көрсетеді.

Деңгейлерді алу үшін Қатысушы Есеп айырысу кезеңінде келесі шарттарды орындауы қажет:

Деңгей	Bronze	Silver	Gold	Platinum	VIP
Қатысушының Сауда нүктелері және Науқандық сауда нүктелерінде сатып алған Жанармай тарату бағаналары арқылы шығарылған Тауардың, Жеңілдіктерді қоспағандағы, Тауардың жалпы құны (теңге)	-	20 000	70 000	350 000*	500 000*
Қатысушының Сауда нүктелері және Науқандық сауда нүктелерінде сатып алған жанармай тарату бағаналары арқылы шығарылған тауарларды қоспағандағы, Жеңілдіктерді қоспағандағы, Тауардың жалпы құны (теңге)	-	1 000	7 000	60 000	150 000

Базалық Науқанның бір бөлігі ретінде Қатысушыға Деңгейіне қарай Сауда нүктелері мен Науқандық сауда нүктелерінен Тауарларды сатып алғаны үшін Ұпайлар беріледі, атап айтқанда:

Деңгей	Bronze	Silver	Gold	Platinum	VIP
Қатысушының Сауда нүктелерінде және Науқандық сауда нүктелерінде ақшалай төленіп, сатып алынған жанармай тарату бағаналары арқылы шығарылған 100 теңге тұратын Тауардың құны үшін Ұпайларды есептеу (Ұпайлар)	0,5	0,5	1	3	5
Қатысушының Сауда нүктелерінде және Науқандық сауда нүктелерінде ақшалай төленіп, сатып алынған	1	2	3	5	6

жанармай тарату бағаналары арқылы шығарылған тауарларды қоспағанда, 100 теңге тұратын Тауардың құны үшін Ұпайларды есептеу (Ұпайлар)					
--	--	--	--	--	--

Ұпайларды беру кезінде бақылау-кассалық техникасында бір түбіртекте көрсетілген Тауардың құны 100 (жүз) еселік төмен мәнге дейін дөңгелектенеді. Базалық Науқанда Сауда нүктелері мен Науқандық сауда нүктелерінде Тауарды сатып алғаны үшін Ұпайларды есептеуге келесі шектеулер қарастырылады:

- Бонустар беруге болатын күніне 15 сатып алудан артық емес;
- Күніне есептеу лимиті – тәулігіне 10 000 ұпайлардан көп емес.
- Карта балансының лимиті – 40 000 ұпайлардан көп емес.